

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Болашағым-өз қолымда!

ЖАРИЯЛАНДЫ  
10.07.2024СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/159225/>

Болашақ-біз ұстай алмайтын,біз білмейтін ғажап дүние.Ақиқатындаызығушылық пен талпынысты,ынтызарлықты әр адамның бойынан көру мүмкін емес болып жатады .Неге десек,қазіргі таңда болашағы үшін еш алаңдамайтын жандар да жетерлік екені рас.Ал,мен үшін «болашақ » сөзінің өзі үлкен маңызға ие.Себебі,ол менің келешек өмірім мен келер күнім.Ия, Болашағым-өз қолымда.Өйткені,оны өзгертетін де,іргетасын қалайтын да өзім.Болашақ сәтімнің жай судай шайылып кетуіне немесе жарқыраған күндей болуына жауапкер мен. Мен болашағым үшін бәріне дайынмын десем де болады.Хакім Абай «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық»дейді.Бұл сөздер менің болашағыма бағдар болған өмірлік ұстанымыма айналды.Себебі, болашағымда «Мен»өз адами қасиетімді жоғалтып алғым келмейді.Келешекте ұтымды ой мен салмақты пікір айта алатын жеке,дара тұлға болып өз орнымды тапқым келеді.Ал,ол үшін мен қазірден бастап соған қарай жол ашуым қажет.Меніңше,рухани жан дүниеммен тәнім арасында көпір орнатуым маңызды.Өз келер күнім үшін уақытты өлтірмей,алға қарай жетелейтін шам жағамын.Сонда ғана мен сол шамның жарығы арқылы болашақта нағыз дара тұлға атанамын.Ал,оған ілкімді ізденіс пен зерделі зерттеу нәтижесінде ғана жете аламын.Тек ол ғана емес жан дүниемдегі ар мен қызығушылықты қазірден бастап басқара алатындай,ерекше мінез қалыптастырамын.Өйткені,болашағымның бастамасы,осы шақтан бастау алады.

Түбі терең, тағылымы таудай биіктікке жетудің сан алуан жолы мен соқпағы бар.Сол биіктікке жетуім үшін істеген әр ісім,әр сөзім,әр ойым ол менің болашағыма деген қадамдарым.Менің ойымша,болашақ ол ұрпақ қолындағы өмір секілді.Өйткені,тек білімді ұрпақ келер күннің негізін қалаушы.Осы сөздерді жазып отырып ойыма бір ғұламаның айтқан сөзі келді: «Болашағыңды білгің келсе, қазіргі әрекеттеріңе қара»-,дейді.Неге? Өйткені,біздің осы кезде жасап жатқанымыздан келешекті болжау қиын емес шығар.Біріміз оқып,бар ынтамызды білім мен ғылымға аударсақ,біріміз болашақ не екенін де түсінбей жатамыз.Міне,сол үшін де мен өз ойымды оқу мен теңіздей терең мағыналы шығармаларды біліп,оларды тануға аударудамын.Себебі,сапасы жоқ сөз арқылы,білгені тайыз білім арқылы қай адам жетістік дейтін таудың биік шыңына

көтеріле алады?!Әрине,еш адам білімсіз оған жете алмайды.Ал,бұл биіктікті еңсере алмаған адам елдің ертеңі бола алмасы кепіл.Сондықтан да мен болашақ ел күні мен туған жердің гүлденуіне үлес қоса алатындай адам болуға талпынамын.Оған себеп Болашағымның өз қолымда болуы.

Қазіргі таңым ол менің болашағымның айнасы.Сол айнаның айқын,таза болуына себепші ол-мен.Болашақ күн мен оның өзгерісі менің қолымда.Болашақ қазірден бастап қалану керек. Оны жоспар дейді. Онсыз бұл әлемде ештеңеде жақсы болмайды.Бастысы-ертеңге деген сенім жоғалмауы тиіс дегім келеді!

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.